

Э.С.Сейсенбиева¹

*¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)*

Қ.Қ. Мәдібаева²

*²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Алматы, Қазақстан)*

XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭКЗЕГЕТИКА МӘСЕЛЕСІ

Аннотация

Мақалада XIX қазақ әдебиетіндегі экзегетика туралы айтылады. XIX ғасыр әдебиетіне араб әдебиетінің, Ислам дінінің әсерінен туындаған шығармаларға арналған.

***Түйін сөздер:** дастан, ислам діні, хадистер мен діни аңыздар, назира жанры.*

Е.С. Сейсенбиева¹

*¹Казахский государственный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)*

Қ.Қ. Мәдібаева²

*²Казахский национальный университет им. Аль-Фараби
(Алматы, Казахстан)*

ПРОБЛЕМА ЭКЗЕГЕТИКИ В ЛИТЕРАТУРЕ XIX ВЕКА

Аннотация

В статье рассказывается об экзегетике в казахской литературе XIX в., в которой особое внимание уделено произведениям арабской литературы и влиянию ислама.

***Ключевые слова:** свидетельство, исламская религия, хадисы и религиозные мифы, жанр назирь.*

*E.S. Seisenbieva¹**¹Kazakh state women's teacher training university
(Almaty, Kazakhstan)**K.K. Madibaeva²**²Kazakh national university named after Al-Farabi*

THE PROBLEM OF THE EXEGESIS IN THE LITERATURE OF XIX CENTURY

Annotation

The article is devoted to the exegeses to be described in Kazakh literature of XIX century in which an accent is made on the works of the Arabian literature and the influence of Islam.

Key words: *evidence, islamic religion, hadeeths and religion, myths, genre of Nazir.*

Шығыс мәдениеті тарихында негізгі рухани құрал дін болып табылады. Дүние жүзіндегі әртүрлі тағдырлы халықтың материалдық және рухани мәдениетке қатысты жасалатын тұрмыстық тіршілігінде ғасырлар бойы қалыптасқан өздерінің наным-сенімдері ерекше орын алады. Адамзат тарихында мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген жолында наным-сенімдері жинақтала келіп, олардың ішінде негізгі діндер ғана дараланып қалыптасты. Ал, діндер – адамзаттың жаратылыс тарихымен бірлесіп жатқан дүниетаным жиынтығы, жалпы адамзаттың қалыптасу, даму кезеңдеріндегі халықтың рухани адамгершілік танымын білдіретін, негізгі ойлау кеңістігін көрсететін тәлімдік-тәрбиелік сенімдер әлемі. Діндердің арасындағы ең ықпалды діннің бірі – Ислам. Біздің жыл санауымыз бойынша VII ғасырдың басында Аравия түбегін мекендеген араб тайпалары арасында пайда болып, қалыптасқан.

Ислам дінінің негізін қалаушы – Мұхаммед пайғамбар (шамамен 570 жылы туған, 632 жылы 8 маусымда қайтыс болған). Ол Меккеде дүниеге келген, 3 жасында әкесі Абдолла, ал 6 жасында анасы Әмина қайтыс болған. Жастайынан жетім қалған Мұхаммед ағасы Әбу Талиптің тәрбиесіне өтеді. Ер жеткенде сауда керуендеріне қызмет ете жүріп, Хадиша атты жесір әйелдің сауда керуенін басқарады. Кейін Хадишаға үйленеді.

VII ғасырда шығыс елдерінде ислам діні тарап, Араб халифаты дәуірлеп тұрады. Ал, VII-XII ғасырларда араб тілі сөйлеу мен жазу қатынастарының негізгі құралы қызметін атқарады. Шығыстану ғылымында араб мұсылман мәдениеті осы кезеңде

жақсы дамиды. Мұхаммед қайтыс болған соң оның ісін Халифа (Халифа арабша орынбасар) лауазымындағы адамдар, яғни Абу Бахр, Омар ибн Әл-Хаттаб, Осман ибн Аффран ас-Сидик, Али ибн Әл-Хаттаб жалғастырады. Араб халифатының құрамына бірнеше мемлекеттер кіреді. Олар: Палестина, Сирия, Солтүстік Африка, Мысыр, Карфаген, Грузия, Армения, Испания, Иран және Орта Азия мен Португалияның кейбір жерлері. Белгілі арабтанушы ғалым Ә. Дербісәлиев бұл туралы былай деген: «Кейбір жерлерде жергілікті халықты арабтандыру басқыншыларға қиынға түспеген. Мысалы, Иран мен Сирияның семит тектес, тілдес халықтары тез арабтанып кетсе, ал Египет, Солтүстік Африка, Закавказье, Иран, Орта Азияда жағдай керісінше болды. Мұнда қоныс аударған арабтардың өздері жергілікті халық мәдениетін, тілін қабылдай отырып, жоғалып та кеткен» [1, 52 б.].

Араб халифатындағы мәдениеттің ерекше дамыған кезеңі ол VII-XI ғасырлар болды. Бұл кездері бұрынғы арабтың бәдәуи ақындары поэзиясындағы дәстүрлі тақырыптар: махаббат, ойын-сауық, көңіл-күйдің әртүрлі әуендері, шарап және т.б. көптеп жырланды. Дәл осы ғасырда парсы, үнді, түрік, араб халықтарының ертегілік-аңыздық сюжеттерінен алынған арабтың «Мың бір түн» ертегісі де кеңінен танымал болды.

Бүгінгі таңда ислам дінін ұстанатын Шығыс елдері, атап айтар болсақ: Араб елдері (Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Эмираты, Ирак, Марокко, Сирия, Йемен, Кувейт, Оман, Иордания, Палестина және т.б.), Индонезия, Жапония, Солтүстік Африка, Корея, Индия, Ауғанстан, Пәкістан, Иран, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Қазақстан және т.б.

Мұхаммедтің ең басты мақсаты өзі өмір сүрген кезден бастап бүгінгі күнге дейінгі пұтқа табыну дініне қарсы болды. Ол 622 жылы өзін қолдаушыларымен бірге Мединеге ауысады. Исламды уағыздаушылар Мұхаммедтің басшылығымен 630 жылы Меккенің, кейінен Арабияның басқа да басым бөліктеріне ықпал етеді. Мұхаммед Пайғамбар мұсылман қауымның тұңғыш теократиялық негізін қалаушы болып табылады.

Ислам дінінің негізгі қағидалары – Алланың жалғыз жаратушы құдіретін, Құран кітабының шындығын, Мұхаммед пайғамбардың Алланың жердегі елшісі екендігін растау, мойындау. Бес уақыт намаз оқу, жылына бір рет отыз күндік ораза тұту, пітір садақа беру, шамасы келген мұсылмандардың Меккеге қажылыққа баруы, адамзаттың фәнидегі тіршілігі Алланың ұйғарымында болатындығы – исламға негіз болған қағидалар.

Орта Азияға, Қазақстанға исламның таралуы 706 жылғы

Құтайба бастаған араб жаулаушыларының келуінен басталған. Бұл туралы академик, жазушы С. Мұқанов былай деген: «Мұхаммед заманында араб түбегіне және оған көршілес Батыс Африканың бірталай еліне ислам дінін соғыс арқылы күшпен таратқан. Мұхаммед өлгеннен кейін халифтер жүргізіп, жетінші ғасыр бастала арабтар әуелі Иранға, одан кейін Сыр мен Амудария арасындағы Мауро-Әннаһар өлкесіне қарай жайып, сол ғасырдың аяғында Түркістанға жетіп, Сағдиен мемлекетінің қалдығы мен Хорезм хандығын талқандады» [2, 20 б.].

VII-VIII ғасырларда Амудария мен Сырдария өзендері аралығындағы жерді осылай атаған болатын. Бұл жерлер сол кезден бастап араб халифатының қол астында болған. Сол замандарда Бұхара, Ташкент, Ходжент, Самарқан, Хиуа, Қоқан қалаларында араб, парсы, шағатай тілдеріндегі медреселер ашылды.

Ислам дінінің ықпалы Ташкент, Бұхара, Түркістан, Отырар, Сауран қалаларында және т.б. отырықшы және көшпелі ауылдарға да әсер етті. Ислам діні Орта Азияға, Қазақстан жеріне таралауы халықтың негізгі сеніміне айналуы көптеген ғасырлар бойында жүрді. Ислам діні Шығыс мәдениеті мен әдебиетіне зор ықпал етті. Сөз өнері түрлері Шығыс әдебиетінде ислам дәстүрімен бірге дамыды. Шығыс әдебиеті араб, парсы әдебиеттерінің көрнекті өкілдері: Рудаки, Фердоуси, Насыр Хұсрау, Омар Хаям, Руми, Сағди, Хафиз, Жәми және т.б. лирикалық және эпикалық шығармаларының үлігісін ислам діні аясында жазған.

Шығыс әдебиетінің тақырыптық-жанрлық жүйесіне әсер еткен дәстүр – Құран аяттарын жатқа айту. Құран желісі негізінде жырлау дами бастады.

Қазақ жеріне Ислам діні келген дәуірден бастап ислам дінін қабылдап қазақ елі мұсылман болған. Біздің халқымыз 15 ғасырда өз алдына мемлекет болып құрылған болса, арабтарда ислам діні 7 ғасырда келсе, қазақ жеріне түркілер заманында IX-X ғасырда ислам діні тараған болатын. Ислам діні қазақ жеріне күшпен немесе зорлықпен орнатылмаған. Жалпы, Ислам деген сөздің өзі бейбітшілік деген мағына білдіреді. Ислам дініне дейін қазақтар Көк Тәңіріге табынған, яғни Ұлы Жаратушыны көк деп түсінген. Ал, арабтардың жаңа дінді насихаттауымен, уағыздауымен қазақ елі де мұсылмандықты қабылдады. Ислам діні әлемге тек дінді таратып қойған жоқ, сонымен қатар тың өзгерістер мен жаңалыққа толы ғылымды да әкелді, ал онымен бірге қазақ әдебиетіне араб әдебиетін де әкелді. Ислам дінінің қасиетті кітабы ол Құран Кәрім болып табылады.

Құран – араб әдебиеті тарихында ең бірінші жазба әдеби

ескерткіш ретінде үлкен орын алады. Себебі ол араб тілінің сақталып қалуы мен өзге елдерге тарауы, араб тілінің грамматикасының қалыптасуына барынша зор ықпал етті. Ислам дінінен кейінгі ғасырларда өмір сүрген шығыстың ақын, жазушылары, тарихшы, географтары Құраннан көптеген мағмұлматтар алып, өз еңбектерінде қолданған.

Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалым Х. Досмұхамедұлының мынандай құнды пікірін келтіруге болады: «Діни әдебиетте ислам дінінің негізі, шариғаттың талаптары мен ережелері, тозақтың азабы, жұмақтың рахаты мен бақилық өмірдің басқа да суреттері сипатталады. Бұл әдебиетте Мұхаммед мен оның сахабаларының өміржолы маңызды орын алады. Қазақ әдебиеті діни миссионерлік әдебиеттің жалғасын араб-парсы әдебиетінен алған. Бұл, ең алдымен еліктеу, аударма және әртүрлі араб пен парсының «Мың бір түн», «Шахнаме» және т.б. аңыз-ертегілерін поэтикалық тұрғыда айту арқылы жалғасын табуда» [3, 151 б.].

Ислам діні дәуірлеген кездегі шығармалар тақырыптық жағынан да, жанрлық жағынан да ерекше құрылысқа, өзгеше мәнге ие. Бұл кезеңдегі әдебиетте тек тарихи оқиғалар ғана суреттелмей, ислам дінінен кейін адамзатты тура жолға салушы, үгіттеуші, жақсылық пен жамандықтың арасын ажыратушы ретінде көрініс таба бастады. Құранда айтылатын діни сюжеттер мен кейбір негізгі аяттар ақындар поэзиясынан көрініс таба бастады.

Орыстың шығыстанушы ғалымы Н.Конрадтың: «Ояну дәуірі әуелі Шығыста пайда болып, кейінірек Батысқа қарай ауысқан» [4, 64 б.], – деп айтуында да Ислам дінін басты назарға алып айтқан болатын.

Атақты шығыстанушы ғалым Г.Э.фон Грюнебаум ислам тараған елдердегі әдебиет туралы былай деген: «Мұсылман діні жайлаған жерлерде «ислам рухы» мен әдебиет өнімі арасын былай: діни ұғымды қалыптастырушы исламдық болып табылатын, қоғамның рухтық қызығушылығын қалыптастырушы, белгілі бір үдерістердің пішіні мен мазмұны авторитарлық, саяси және әлеуметтік ұйымдардың қауымдастығын айтпағанда, бүкіл осы халықтардың басын біріктіретін әдебиет бірлігі деп сипаттауға болады» [5, 186 б.].

Ислам әдебиетінің тағы бір ерекшелігі ол шығарманың тақырыбы мен оның негізгі көтеретін ішкі мазмұнына байланысты болды. Ең алдымен, шығарманың мазмұны мен тақырыбы шариғаттың шарттарына еш қарсы келмеуі қажет. Керісінше, қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистерімен астарласып жатуы қажет болды. XIX ғасыр ақындар шығармашылығы исламдық көзқарастарға толығы түсті. Сол заманғы ақындардың діни дастандары халықтың

ұлттық психологиясының әдет-ғұрыптарының, тілінің сақталуына бірден-бір ықпал етті.

Шындығында араб әдебиетінің, мәдениетінің ықпалы ислам діні арқылы жүзеге асты десек қателеспейміз. Ал, ислам дінінің алтын дінгегі – ол Құран Кәрім болып табылады. XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті ақындарының басты тақырыптары осы исламдық-ағартушылық уағыздарымен одан әрі кеңейіп, әрлене түсті. Ақындар шығармаларындағы лирикалық-дидактикалық өлеңдерінің идеялық-композициялық құрылымында Аллаға мүнәжат, мадақ-мақтау өлеңдері арнауға толы болды. Ислам тарихының атакты тұлғалары туралы эпикалық шығармалар да жазу қолға алынды.

Қорыта айтқанда, Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабалары, көмекшілері туралы қисса-дастандар ислам діні тарихының атаулы уақыттарының шындығы болып табылады. Аталған эпикалық шығармалардың идеялық-композициялық желісіндегі тарихи тұлғалар мен оқиғалардың дастандарда жырлануында көркемдік уақыт заңдылықтарын да байқаймыз. Сонымен қатар, ақындар дастанда тарихи оқиғаларды қиялмен, халықтың аңыздауымен толықтыра суреттеу арқылы өткен мен бүгінгі заман дүниетанымымен байланыстырған. Барлық адамзатқа ортақ гуманистік көзқарастар діни қисса-дастандардың идеялық сюжеті арқылы көркем әдебиеттегі поэтикалық тереңдіктерді дамытты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дербісәлиев Ә. Ислам және заман. – Алматы, 2003. – 560 б.
2. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. – 450 б.
3. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. – Астана: Астана-полиграфия, 2008. – 400 б.
4. Конрад Н. Запад и Восток. – Москва: Наука, 1972. – 492 с.
5. Г.Э. фон Грюнебаум. Основные черты арабо-мусульманской культуры. – Москва: Наука, 1981. – 215 с.

References:

1. Derbisaliev A. *Islam zhane zaman*. – Almaty, **2003**. – 560 b. (*In Kazakh*.)
2. Muqanov S. *XX gasyrdagy qazaq adebieti*. – Almaty: Atamura, **2008**. – 450 b. (*In Kazakh*.)
3. Dosmuhameduly H. *Tandamaly enbekteri*. – Astana: Astana-poligrafija, **2008**. – 400 b. (*In Kazakh*.)
4. Konrad N. *Zapad i Vostok*. – Moskva: Nauka, **1972**. – 492 s. (*In Russ.*)
5. G.Je. fon Grjunebaum. *Osnovnye cherty arabo-musul'manskoj kul'tury*. – Moskva: Nauka, **1981**. – 215 s. (*In Russ.*)